



Текелі қаласының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы 2022 жылы «Білім беру үрдісінде педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға жағдай жасау, әдістемелік көмек беру, қолдау көрсету, ғылыми – әдістемелік қызметті жетілдіру» мақсатын алдыға қойып, оны жүзеге асырудың төмендегідей міндеттерін алады:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, ҚР «Білім беруді дамытудың <sup>Білім беру үрдісінде</sup> 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын», Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», Б.Алтынсарин ат. Ұлттық білім беру академиясы ұсынған оқыту бағдарламаларын, «2021 – 2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын және т.б нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа ала отырып, әдістемелік қызметтің сапасын қамтамасыз ету;
- Білім беретін мектептердің оқу процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізе отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы сапалы біліммен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жалғастыру;
- Мектеп оқушыларын ғылыми жоба және пән олимпиадасына дайындау әдістерін жетілдіру бойынша мұғалімдерге көмек көрсету, қала бойынша олимпиада резервімен жұмысты жетілдіру;
- Педагогикалық технологияларды тәжірибеге енгізу, педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық білімін жетілдіру, электрондық ресурстармен жұмыс жасау мүмкіндіктерін арттыру, жаңа модификациялы кабинеттердің мүмкіндіктерін толыққанды пайдалануға қол жеткізу;
- Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын, кәсібилігін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстарды жалғастыру. Педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытында ғылыми-әдістемелік, инновациялық, жұмыстарды үйлестіру;
- Білім беру қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеруге ықпал жасау, біліктілігін арттыру, қайта даярлау курстарынан өтуді ұйымдастыру, өз бетінше білім алуға, оны іс тәжірибеде қолдануға құзырлылықтарын қалыптастыру;
- Желілік қоғамдастық жұмысын жетілдіру, мектеп басшыларының көшбасшылық қызметін жетілдіру,
- Білім сапасын арттыру, пәндердің оқытылу сапасын жақсарту мақсатында әдістемелік көмек көрсету;
- Инновациялық қызметті жетілдіру, озық педагогикалық тәжірибе алмасуда ынтымақтастықты кеңейту;
- Жас мамандарға тәлімгерлік көмек ұйымдастыру, олардың маман болып қалыптасуына ықпал ету;
- Пәндер арасында құрылған ассоциациясының жұмысын жетілдіру;

## Текелі қаласы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының 2021 жылда атқарған жұмыстарының аналитикалық талдауы

### Жалпы мәлімет

Текелі қаласының аймағында 13 білім беру мекемелері және 2 қосымша білім беру орталықтары жұмыс жасайды. Оның ішінде 4 мемлекеттік мектепке дейінгі, 8 жалпы орта білім беретін мекеме және балалар шығармашылық орталығы, туризм орталығы, 1 жекеменшік балабақша бар.

Барлық мемлекеттік жалпы орта білім беретін мектептер саны – 8, ондағы балалар саны 4760 (былтыр 4465 болған). Сынып комплектілер саны – 232 (былтыр 227 болған). Қазақ тілінде оқытатын мектеп – 1, оқушы саны – 909, аралас мектеп – 7, оқушы саны-3781.

2020-2021 оқу жылының екі ауысымдық режимде 4465 оқушы бітірді.

Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша 2020-2021 оқу жылын табысты аяқтаған оқушылар саны- 2926, оның ішінде 1268 үздік және 1658 оқу екпінділері. Білім сапасы -66 %. 2019-2020 оқу жылында білім сапасы 65 % болып алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда 1% көтерілген.

### Мектепке дейінгі білім беру

Текелі қаласында 5 балабақша (4 мемлекеттік б/б, 1 жекеменшік б/б) жұмыс атқаруда, қамтылған бала саны 870.

Мектептер жанындағы 6 шағын орталықта 150 бала тәрбиеленуде.

Мектепке дейінгі ұйымдар желісі және балалардың контингенті туралы мәліметтер:

Жылдар	Мектепке дейінгі ұйымдардың саны	Ондағы балалардың саны	3-6 жас аралығындағы бала саны (бастауыш сынып және МАД тобын қоспағанда)	МТББ қамтылған 3-6 жастағы балалар саны	3-6 жастағы балаларды МТББ қамту пайызы
2019 жыл	12	1020	1020	1383	100%
2020 жыл	11	1020	1020	1242	98,1%
2021 жыл	11	1020	1020	1307	98,6%

2020 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен 1242 бала қамтылып, 98,1% көрсетті, ал 2021 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен 1307 бала қамтылып, 98,6% көрсетіп отыр.

Биылғы оқу жылы мектепалды даярлық тобымен 287 бала қамтылып, 100 % құрады.

## Ақпараттандыру және материалдық базамен қамтылуы

Текелі қаласының 8 жалпы орта білім беру мекемелері кең жолақты интернет желісіне 100 пайыз қосылған.

Жалпы компьютер саны – 1935. 1 компьютерге келетін оқушылар саны – 2,7. 2020-2021 оқу жылы 947 компьютерлік техника республикалық бюджеттен берілсе, 338 жергілікті бюджеттен берілді.

Жаңа модификациялық кабинеттер:

-Лингофонды мультимедиалық кабинет (ЛМК) – 7 (№1, №2, №4, №5, №6, №8 ОМ-2 каб);

-Физика кабинеті – 8 (№1, 3, 4, 5, 6, 7, 8 ОМ);

-Химия кабинеті – 6 (№1, 3, 4, 5, 6, 8 ОМ);

-Биология кабинеті – 9 (№1, 3, 4, 5, 7 ОМ);


-Әмбебап кабинет (интерактивті тақтамен) саны – 20;

-IT-сынып - 6 (№1 ОМ, №3 ОМ, №4 ОМ, №5 ОМ, №6 ОМ, №8 ОМ).

2020-2021 оқу жылына мектептерге интернетсіз оқу ресурстарын пайдалану мақсатында 15 дана Bilimbook ноутбуктері берілді, ал биылғы оқу жылы 18 дана Bilimbook ноутбуктері сатып алынды.

2020-2021 оқу жылында №3,4 орта мектептерде IT-сыныптары, №2 ОМ-ке лингофонды мультимедиалық кабинет (ЛМК), №4 ОМ-ке биология кабинеті, №7 ОМ-ке физика кабинеті орнатылды. «Күнделік» электрондық жүйесіне барлық білім беру мекемелері тіркелген.

Bilimland.kz платформасының «Online Мектеп» контентіне 8 мектеп қосылып, келісім-шарт жасалды. Жалпы орта білім беру мекемелерінде бейнебақылау камераларының жалпы саны – 292.



Ал 2021-2022 оқу жылында 8159200,00 теңге қаражат бөлініп 50 компьютер сатып алу жоспарлануда.

Қазіргі таңда «Qual Com» ЖШС-мен келісім-шарт жасалынды (№1 ОМ – 10 дана, №3 ОМ – 15 дана, №5 ОМ – 15 дана, №8 ОМ -10 дана).

1 компьютерге келетін оқушылар саны 2020-2021 оқу жылы - 9,3 оқушыны құраса, 2021-2022 оқу жылында – 2,75 оқушыны құрайды.

Текелі қаласының 8 жалпы орта білім беру мекемелері кең жолақты интернет желісіне 100 пайыз қосылған.

- №1 ОМ МДШО - 20 мб/сек;

- №2 ОМ МДШО - 10 мб/сек;

- №3 ОМ МДШО - 20 мб/сек;

- №4 ОМ МДШО - 20 мб/сек;

- №5 ОМ - 20 мб/сек;

- №6 ОМ - 30 мб/сек;

- №7 ОМ МДШО - 20 мб/сек;

- №8 ОМ МДШО - 20 мб/сек.

№2 орта мектепке талшықты оптикалық байланыс орнату үшін облыс қаражатынан 11333,0 мың теңге бөлініп, «Скайлинк» ЖШС-мен келісім-шарт жасалынып, жүргізілді.

Республикалық «Талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін кең жолақты интернетпен қолжетімді қамтамасыз ету» жобасы аясында Рудничный ауылындағы «№7 ОМ МДШО» КММ-не қосымша 10 мбит/сек интернет жылдамдығы қосылған, 2032 жылға дейін жүзеге асады.

2020 жылы облыстық қаражат есебінен №2 ОМ-ке лингофонды мультимедиалық кабинет (ЛМК) 4500,0 мың теңге, №3 ОМ-ке ІТ-кабинеті 9537,0 мың теңге, №4 ОМ-ке биология кабинеті 7097,0 мың теңгеге және ІТ-кабинеті 9537,0 теңгеге, №7 ОМ-ке физика кабинеті 8095,0 теңгеге сатып алынған болатын.

№6 орта мектепте 2020-2021 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, сол қаражат есебінен жана модификациялы физика, биология, география, ЛМК, ІТ, АӘД, орыс тілі кабинеттері орнатылды.

№8 орта мектебі 2020 жылы мемлекеттік грант ұтып алып, мектепке физика, химия, биология, ЛМК кабинеттері орнатылды.

Жалпы орта білім беру мекемелерінде 7 лингофонды мультимедиалық кабинет (ЛМК), 8 физика кабинеті, 6 химия кабинеті, 9 биология кабинеті, 20 интерактивті тақтасы бар универсалды кабинет, 10 интерактивті тақтасы бар информатика кабинеті, 1 жаңа модификацияланған география кабинеті мен 6 ІТ-кабинеті жұмыс істеп тұр.

Қала бойынша білім беру мекемелерінде жалпы 67 интерактивті тақта орнатылған пән кабинеттері бар.

Жалпы орта білім беру мекемелерінде бейнебақылау камераларының жалпы саны – 324.

Мектеп ғимараттарының сыртқы камералар саны -120, ішкі камералар саны -204.

Барлық жалпы орта білім беру мекемелерінің камералары Ішкі істер бөлімінің жедел басқару орталығына қосылған.


## ҰБТ

Мектеп бітірушілеріде (157 түлек) қорытынды аттестаттауда жақсы нәтиже көрсетті. «Алтын белгі» игерлерінің саны -26 (№1 ОМ-1; №3 ОМ-2, №4 ОМ-8, №5 ОМ - 5 , №8 ОМ-10), «Үздік аттестат» -11 ( №1 ОМ-2, №5 ОМ-4, №6 ОМ-2, №8 ОМ-3).

ҰБТ-ға өтініш берген 117 түлектің, 111-і қатысты. ҰБТ -да 100 -ден жоғары балл жинаған оқушылар саны жыл сайын артып келеді. 25 түлек 100 -ден жоғары балл жинады, бұл 22,5%.Ең жоғары көрсеткіш №8 орта мектептің түлегі Тағжанов Тимур -125 балл.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша университетке 87 түлек түсті, бұл 77%.

**Оқу жылдар бойынша білім сапасының көрсеткіші**



**Жылдар бойынша мемлекеттік грантка түскен оқушылар көрсеткіші**

жылдар	Түлектер саны	ҚР ЖОО түскендер саны	
		мемлекеттік грантпен	Колледждерге түскендер саны
2018 ж	200	96	17
2019 ж	133	62	21
2020 ж	155	82	24
2021 ж	157	87	11

### Мектептер бойынша түлектердің еңбекпен қамтылу мәліметі

мектеп	түлектер саны	ҰБТ-ге қатысқаны	ҰБТ-ге қатыспағаны	ҚР -ның ЖОО-на		облыс әкімінің гранты	Ресей мемлекеттің ЖОО-на		алыс жақын шетелдегі ЖОО		колледж		жұмысқа орналасқан	әскерге кеткені
				грант	ақылы		грант	ақылы	грант	ақылы	грант	ақылы		
№1 ОМ	14	9	5	4	4	0	3	0	0	0	3	0	0	0
№3 ОМ	16	8	8	2	2	0	7	0	1	0	0	4	0	0
№5 ОМ	47	44	3	25	12	0	0	0	0	1	3	2	3	1
№6 ОМ	12	2	10	1	1	0	6	0	0	0	0	3	0	1
№4 ОМ	29	24	5	9	5	4	2				5	3	1	
№8 ОМ	39	28	11	14	10	1	7		1			4	2	
<b>барлығы</b>	<b>157</b>	<b>115</b>	<b>42</b>	<b>55</b>	<b>34</b>	<b>5</b>	<b>25</b>	<b>0</b>	<b>2</b>	<b>1</b>	<b>11</b>	<b>16</b>	<b>6</b>	<b>2</b>

## Педагог кадрлар

Қалалық білім беру мекемелеріндегі пән мұғалімдері, тәрбиешілер, жас мамандар мен бастауыш сынып мұғалімдерінің және педагог-психологтардың 2021-2022 оқу жылындағы сапалық құрамы жинақталынып, электронды деректер қоры құрылды.

2021 -2022 оқу жылында барлық мұғалімдер саны -489. Педагог-шебер санатты-5, педагог –зерттеуші біліктілік санатына – 82, педагог-сарапшы санатына - 118, педагог-модератор санатына – 127 педагог өтті. Жаңа форматта өткен педагогтар саны- 332 құрады, бұл барлық педагогтардың 68 %. Жоғары санатты педагогтар саны-16, бірінші санатты-23, екінші санатты-28, санаты жоқ-110. 2021-2022 оқу жылының басында 25 жас маман жұмыс істейді, оның ішінде 5 маман тұрғын үймен қамтамасыз етілген.

Мектеп атауы	Педагогтар саны			
	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
«№1 ОМ МДШО» КММ	46	48	52	49
«№2 ОМ МДШО» КММ	23	25	27	29
«№3 ОМ МДШО» КММ	40	47	51	54
«№4 ОМ МДШО» КММ	85	85	84	89
«№5 ОМ» КММ	72	68	71	80
«№6 ОМ» КММ	38	42	47	51
«№7 ОМ МДШО» КММ	33	34	30	42
«№8 ОМ МДШО» КММ	88	88	101	95
<b>Барлығы</b>	<b>425</b>	<b>437</b>	<b>463</b>	<b>489</b>

Жаңа формат бойынша :

Оқу жылы	«Педагог-модератор»		«Педагог-сарапшы»		«Педагог-зерттеуші»		«Педагог-шебер»	
	Тестілеуге өтініш берген педагогтар саны	Тестілеуден өткен педагогтар саны	Тестілеуге өтініш берген педагогтар саны	Тестілеуден өткен педагогтар саны	Тестілеуге өтініш берген педагогтар саны	Тестілеуден өткен педагогтар саны	Тестілеуге өтініш берген педагогтар саны	Тестілеуден өткен педагогтар саны
2017-2018	22	15	26	9	34	22	0	0
2018-2019	38	17	42	13	25	17	2	2
2018-2019	36	24	43	26	24	13		
2019-2020	37	12	42	23	27	14	2	0
2020-2021	39	28	27	22	17	15	2	2
2021-2022	28	24	17	9	12	7	1	1
<b>Барлығы</b>	<b>200</b>	<b>127</b>	<b>197</b>	<b>118</b>	<b>127</b>	<b>82</b>	<b>7</b>	<b>5</b>

Мектептер бойынша ескі және жана форматтағы біліктілік санаттар туралы мәліметі



қала	саны	Біліктілік санаты %							
		жоғары	%	бірінші	%	екінші	%	Санаты жоқ	%
№1 ОМ	49	3	6%	2	4%	0	2%	13	27%
№2 ОМ	29	1	6%	1	3%	2	6%	11	40%
№3 ОМ	54	1	8%	2	12.5%	1	4.5%	13	75%
№4 ОМ	89	4	4.35%	6	7%	15	12%	13	14%
№5 ОМ	80	1	1%	2	7%	1	3%	14	22%
№6 ОМ	51	1	10%	3	14%	1	10%	10	66%
№7 ОМ	42	1	2%	1	2%	2	2%	17	47%
№8 ОМ	95	3	3%	6	6%	6	6%	19	20%
<b>Текелі қаласы</b>	<b>489</b>	<b>16</b>	<b>2%</b>	<b>23</b>	<b>6%</b>	<b>28</b>	<b>6%</b>	<b>110</b>	<b>26%</b>

қала	саны	Біліктілік санаты%							
		модератор	%	сарапшы	%	зерттеуші	%	шебер	%
№1 ОМ	49	15	22%	10	22%	8	16%	1	0%
№2 ОМ	29	9	22%	4	13%	1	3%	0	0%
№3 ОМ	54	14	40%	12	30%	11	30%	0	0%
№4 ОМ	89	15	12%	23	24%	24	25%	2	2%
№5 ОМ	80	21	22%	27	29%	13	15%	1	1%
№6 ОМ	51	20	53%	10	31%	6	16%	0	0%
№7 ОМ	42	9	24%	11	20%	0	0%	1	2%
№8 ОМ	95	24	24%	21	21%	19	19%	0	0%
<b>Текелі қаласы</b>	<b>489</b>	<b>127</b>	<b>22%</b>	<b>118</b>	<b>22%</b>	<b>82</b>	<b>15%</b>	<b>5</b>	<b>1,00%</b>

## Біліктілікті көтеру

Бүгінгі күні мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдардың кадрларының біліктілігін арттыру мен қайта даярлау бағдарлама негізінде, 2021 жылдың аяғына дейін жоспарланған жалпы білім беретін мекемелердің педагогтарына арналған қашықтан оқыту режимінде (онлайн - форматта) жаңартылған білім беру мазмұны аясында өтетін біліктілікті арттыру курсына қала мектептердің пән мұғалімдерінің тізімі уақытылы жинақталып курстан өтуде. Текелі қаласы бойынша орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде – 88, қысқа мерзімді біліктілік арттыру курсынан – 138 педагог өтті. Талдықорған қаласындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы филиалында жалпы білім беретін мекемелердің мектеп алды даярлық сынып мұғалімдеріне арналған қашықтан оқыту режимінде (онлайн - форматта) жаңартылған білім беру мазмұны аясында өтетін біліктілікті арттыру курсынан - 26, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы, Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының жоспарына сәйкес «Математика», «География және жаратылыстану», «Биология және жаратылыстану» және «Көркем еңбек» пәні бойынша «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдардың кадрларының біліктілігін арттыру мен қайта даярлау» бағдарлама негізінде орта білім мазмұнын жаңарту аясында онлайн – форматта өтетін біліктілікті арттыру курсы бойынша 33 педагог электронды түрде тіркеліп курстан өтуде.

Талдықорған қаласындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы филиалында 2021 жылға жоспарланған білім бөлімінің басшылары мен мамандарына арналған қашықтықтан оқыту режимінде (онлайн - форматта) 15.02-19.02 аралығында өтетін біліктілікті арттыру курсына әдістемелік кабинеттің әдіскері тіркеліп, аталған курстан өтті.



## Кітапхана

Кітапханаларда жалпы кітап қоры- 190871. Оның 109165 данасы оқулық, 40280 данасы көркем әдебиет.

Оқулық қоры: қазақ тілінде 55614 дана, орыс тілінде 44450 дана, ағылшын тілінде 10247 дана. Көркем әдебиет қоры: қазақ тілінде – 15420 дана, орыс тілінде – 24601 дана, басқа тілде - 259 дана.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасын жанарту мақсатында кітапханаларға ноутбук, компьютерлер беріліп және көркем әдебиет қоры жаңартылды.

2021-2022 оқу жылына жалпы орта білім беру мекемелерін жаңартылған бағдарлама бойынша 1-4 сыныптарына жаратылыстану және 7-9 сыныптарға информатика, 1-11 сыныптарға арналған «Өзін-өзі тану» оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері және 1 сынып оқушылары түгелдей жаңа оқулықтармен қамтамасыз етілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шешімі бойынша 1-сынып оқушылары «Әліппе» және «Ана тілі» оқулықтарымен толықтай қамтамасыз етілді. Биылғы оқу жылында 40 млн. 088 мың теңге бөлінді. 12 баспамен келісім-шарт жасалынып, жалпы жеткізілген оқулық саны - 23921 дана.

Оқушылардың оқулықтармен 100 пайыз қамтылу қарастырылды.

2021 - 2022 оқу жылына облыстық бюджеттен 40 млн 122 мың теңге бөлінді.

13 баспамен жалпы сомасы 40 млн 122 мың теңгеге 23941 дана оқулық сатып алу туралы келісімшарт жасалды. Жеткізуші ЖК «Нурсейіт» анықталды, онымен 700 мың теңге сомасына келісім жасалды.

Оқулықтарды жеке оқушыларға тарату бойынша жұмыстар карантиндік шараларға сәйкес 2021 жылдың 17-25 аралығында жүргізілді.

10 тамызда мектепте бар оқулықтарды тарату жұмыстары ұйымдастырылды, 78 899 дана оқулық таратылды.



## Мектеп кітапханаларындағы оқулық қоры

	№1 ОМ	№2 ОМ	№3 ОМ	№4 ОМ	№5 ОМ	№6 ОМ	№7 ОМ	№8 ОМ
2017-2018 оқу жылы	20538	1682	7970	22294	22469	8702	5034	29378
2018-2019 оқу жылы	15629	2214	7860	26229	26490	10576	6448	20538
2019-2020 оқу жылы	12673	1363	6387	22216	21932	11386	7545	27356
2020-2021 оқу жылы	11270	3082	8147	19900	21383	15111	8975	21297

## Педагогтармен өткізілген шаралар

Пән мұғалімдері өздерінің жұмыс тәжірибелерін облыстық және қалалық семинарларда үнемі бөлісіп отырады.

«Математика, физика сабақтарында қашықтықтан оқыту кезеңінде кері байланысты ұйымдастыру» тақырыбында қала мектептердің математика және физика мұғалімдеріне арналған онлайн қалалық семинарға қатысып өз тәжірибелерімен бөлісті.

Математика пәнінің мұғалімдері ассоциациясының жұмысы бойынша 17 ақпанда Zoom платформасында «Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылармен математика сабағында жұмыс істеу ерекшеліктері» тақырыбында қалалық физика-математика пәндері мұғалімдерімен онлайн түрінде вебинар өтті. Семинар барысында қашықтықтан білім берудің өзекті мәселелері белсенді талқыланды.

Бастауыш сынып педагогтеріне әдістемелік көрсету мақсатында 2021 жылдың 17 наурызында «Қашықтан оқыту барысында оқушылардың оқу-жазу дағдыларын дамыту» тақырыбында қалалық вебинар өтті. №5 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімдері Қ.Егинбаева, «Оқушылардың сауаттылығын арттырудағы шығармашылық тапсырманың рөлі» Г. Серикхан және М. Құткелдиева «Қашықтықтан оқу барысында БЖБ, ТЖБ алу жолдары» жұмыстарын көрсетіп, іс тәжірибесімен бөлісті.

16 наурызда «PISA халықаралық зерттеулері тапсырмаларын сабақта қолдану тиімділігі» тақырыбында қалалық физика-математика пән мұғалімдерімен онлайн түрінде вебинар өтті. «Pisa Халықаралық бағдарламасы негізінде математикалық сауаттылық тапсырмаларын сабаққа кіріктіру» тақырыбында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін көрсету арқылы №5 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Махабат Лариса өз тәжірибесімен бөлісті.

Текелі қаласының жалпы білім беру ұйымдарының химия, биология пәні мұғалімдерімен ағымдағы жылдың 16-наурыз күні «PISA халықаралық зерттеуінің тапсырмаларын қарастыру және құру барысындағы ерекшеліктері» тақырыбында қалалық вебинар өтті.

«Әдеби кітаптарға оқушылардың қызығушылығын арттыру» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдеріне арналған вебинар өткізілді. Вебинар барысында №1, №7 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Маликова Ж.М мен Серғазынова Ж.Б әдебиет сабағында қалай оңтайлы оқуға үйретудің біршама тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

АӘД пәндері мұғалімдеріне 11-14 мамыр аралығында өтетін 10 сынып жасөспірімдерімен далалық-оқу жиындарын ұйымдастыру жайлы вебинар жиналыс өткізілді. Вебинарда оқушылардың оқу материалын меңгеруін тексеру мақсатында бақылау сабақтарын өткізу жайлы сөз қозғалды.

«Жетістікке жету қадамдары» атты облыс көлемінде дене шынықтыру пәндері мұғалімдеріне (*Zoom*) байланысы арқылы вебинар ұйымдастырылды. Вебинарда Текелі қаласының дене шынықтыру пәнінің ұстаздары Д.Сағатбекұлы және Р.Махмудович өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісті. Вебинарға облыс көлеміндегі білім беру мекемелерінің дене шынықтыру пәндерінің жас мамандары қатысты.

11-мамыр күні Өзін-өзі тану пән мұғалімдерімен «Рухани жаңғыру-бар жаңғырудың өзегі: Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар» тақырыбында қалалық вебинар өтті.

Дефектолог-логопед мамандарымен «Мектеп жасындағы ерекше білімді қажет ететін балалармен арнайы мамандардың түзету, дамыту жұмыстарының түрлері» тақырыбында қалалық вебинар өтті.

Педагогтардың қажеттіліктерін ескере отырып, 2021 жылдың 15 қазаннан бастап апта сайын «Математикалық сауаттылық бойынша мәтіндік есептерді құру тәсілдері» тақырыбында математика пәні мұғалімдеріне оқыту вебинары өтуде. Пиза тапсырмаларын құрастыру және шешу жолдары барысында 25 қазанда өтті.

5 қараша күні каникулдық мектеп жұмысында №8 ОМ математика пәні мұғалімі Серикбаева Жанар Советовна облыстық вебинарда «Математика сабағында жіберілген олқылықтардың орнын толықтыру-оқу сапасын арттыру кепілі» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті.

Пән мұғалімдері заманауи білім беру платформаларымен сабақтар беру тәжірибелерімен бөлісіп, озық әдістемелік тәжірибелерді бейне-сабақтар арқылы таратып, оқушылардың жаңа технологиялар арқылы білім алу дағдыларына ықпал ете отырып, білім сапасын көтеруде.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Сауат ашу кезеңінде жазу дағдыларын тіл дамыту жұмыстары арқылы қалыптастыру» тақырыбында қалалық вебинар өткізілді.

«Жаратылыстану бағытындағы пәндерге «PISA-2021» бағдарламасының тапсырмаларын тиімді пайдалану» тақырыбында химия және биология пән мұғалімдерімен қалалық вебинар өткізілді.

Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Мектепке дейінгі білім беру үдерісін басқарудың ұтымды жолдары» тақырыбында «Табысты басшы» жобасы аясында өткен «Мектепке дейінгі ұйымның үздік көшбасшысы» байқауының жүлдегерлерінің тәжірибелерін бөлісуде №3, №4 балабақша меңгерушілерінің облыс бойынша іс-тәжірибесі таратылып вебинар өткізілді.

05 қазан қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерімен қалалық вебинар өткізілді. Тақырыбы: «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және білімін толықтыру», «Өткен оқу жылында анықталған күрделі оқу мақсаттарын үйлестіру»

14 қазан күні «Шет тілі пәнін оқытуда олқылықтарды анықтау және талдау үлгілері» ағылшын тілі пәні мұғалімдерімен қалалық вебинар өткізілді.

3 қараша күні «Каникулдық мектеп» жоспарына сәйкес Текелі қаласы мектептерінің тарих және география пәні мұғалімдері Жетісу университеті Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлжан Бөлегенқызы Тілеубековамен онлайн-режимде кездесу ұйымдастырылды.

05.11.2021 күні «Каникулдық мектеп» жоспарына сәйкес Текелі қаласы мектептері бойынша еңбек өтілі 1 жылға дейінгі жас мамандармен «Мен жас маман ретінде қалыптасуымда қандай проблемаларға кезіктім және оны қалай шештім!» тақырыбында дөңгелек

ұйымдастырылды. Жиын барысында жас мамандарға психологиялық тренинг, жас мамандардың сапалық құрамы, жұмыс жоспары және сұрақ жауаптар мен алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар талқыланды.

28 сәуір күні облыстық білім беру саласындағы ғылыми-тәжірибелік ақпараттық технологиялар орталығының әдіскері И.Байменованың ұйымдастыруымен қала мұғалімдеріне «Bilimland.kz»-пен аралас оқыту технологиясының артықшылықтары» тақырыбында вебинар өткізді. Вебинарда әдіскер И. Байменова мектептерде аралас оқытуды енгізудің негізгі модельдерін, оның ішінде төңкерілген сынып туралы түсіндірді және вебинарда №8 ОМ МДШО-ның химия пәнінің мұғалімі С.Қ. Долбаева «Онлайн мектепте интерактивті сабақ, үй тапсырмасын құрастыру және тексеру» және №4 ОМ МДШО-ның ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А. Болатбекова «Онлайн мектепте БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын құрастыру және тексеру» тақырыбында практика түрінде өз сабақтарын құрастырып, тәжірибелерімен бөлісті.

Текелі қаласының білім беру мекемелерінің информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған «Мектепте робототехника негіздерін оқытудың ерекшеліктері, педагогтардың іс-тәжірибелерімен бөлісуі» тақырыбында қалалық вебинар өтті. ІТ кабинеттеріне жауапты «№5 орта мектеп» КММ-нің мұғалімі Н.Жапбаркулов, «№4 ОМ МДШО» КММ-нің мұғалімі С.Жумағалиева, «№1 ОМ МДШО» КММ-нің мұғалімі Д.Үйсінбаев өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

«Каникулдық мектеп» жобасы аясында «Мектепалды даярлық сыныптарында(топтарында) тәрбиелеу мен оқыту процесін тиімді ұйымдастыру» тақырыбында вебинар өткізілді. Және де «Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы» тақырыбында коучинг отырысы ұйымдастырылды. «472 бұйрықты қолданысқа енгізу бойынша түсіндірме жұмыстар» тақырыбында психолог, дефектолог мамандарына арналған вебинар өтті. Балабақшалар арасында «Инновациялық әдістер» апталығы ұйымдастырылды. Тұңғыш Президент күніне арналған «Елін сүйген Елбасы» тақырыбында тақырыптық сабақ өткізіп, әлеуметтік желіге жүктелді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында шағын орталықтар арасында «Тәуелсіз елдің талантты ұрпағымыз» тақырыбында бейне челлендж ұйымдастырылды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мектепке дейінгі ұйымдарда «Тәуелсіздікке тарту» көркемсурет байқауы өтті. «30 жылдыққа 30 ойын» фестиваліне облысқа 2 балақашаның жұмысы ұсынылды.

Қараша айында «Сен туған Қазақстанныңды білесің бе?» атты мектепшілік байқау ұйымдастырылып, №5 орта мектеп ұжымы облысқа жолдама алып, жүлделі ІІІ орынға ие болды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Тәуелсіздік тарландарына тағзым» атты іс-шара және №4 орта мектеп кітапханашысымен бірге ұйымдастырылды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жолдары» қалалық семинар өткізілді. Семинарда №8 орта мектеп кітапханашысы Ж. Салимжанова «Электрондық кітап дегеніміз не?» тақырыбында электрондық кітаптарды қолдану жөнінде ой бөлісті. Және де «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімі Г.Болатханова бастауыш сынып оқушыларымен ертегі кітаптарын оқуға деген қызығушылық таныту мақсатында шебер-сынып өткізді.



«Сабақтан тыс уақытта химия пәнінен оқылықтарды жою мақсатында оқушылар мен жұмыс істеудің ерекшеліктері» тақырыбында, «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары» тақырыбында қалалық семинарлар ұйымдастырылды.

«Биология сабағында қолданылатын жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдер» тақырыбында қалалық вебинар өткізді. Оқу мақсаты бойынша қашықтықта оқытуда жіберілген оқылықтарды анықтау облыстық химия пәнінен вебинарға қатысты.



Тіл мамандарымен атқарылған облыстық, республикалық, қалалық іс-шараларға тоқталсақ, көптеген вебинарлар мен семинарлар, дөңгелек үстелдер өтті. Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері өткізген шаралардың тақырыптары «Өткен оқу жылында анықталған күрделі оқу мақсаттарын үйлестіру», «Эссе жазудың тиімді жолдары», «Дарынды оқушыларды анықтау тәсілі мен жұмыс жасаудың тиімді жолдары», «Білім алушылардың біліміндегі оқылықтарды анықтау және білімдерін толықтыру», «Қашықтықтан оқу жағдайында тиімді кері байланыс беру жолдары», «Жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру», «Мәтінді құрастырудың тиімді әдістері», «Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру үшін мәтінмен жұмыс жасауда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану», ал, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері ұйымдастырып, өткізілген шаралары «Работа с текстом как основной способ развития функциональной грамотности чтения», «Инфографика – оқу сауаттылығын дамытудың тиімді тәсілі», «Тестцентрлік тәсіл-білім алушылардың оқу іс-әрекеттерін жетілдіру», «Защита модели предпринимательской школы», ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің жұмыстары «Оқылықтарды жою тәсілдері», «Білім сапасын көтеру барысында қолданылатын тиімді әдістер» т.б. көптеген облыстық, қалалық іс шаралар өткізілді.

Жоспар бойынша қалалық №5 және №8 жетекші мектеп қабырғаларында «Жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру жолдары» атты жас мамандарға арналған қалалық семинар өткізілді. Семинарда жетекші мектептердің тәжірибелі педагогтары Г.Берикболова, Т.Солодкова, ЖМ тренері Шошақ Айнагүл жас мамандарға «ҚМЖ құрудың тиімділігі мен артықшылығы» тақырыбында коучинг өткізсе, А.Бектасова, Е.Артамонова, Күнайқызы Лаззат- «Сабақта қолданатын белсенді әдіс – тәсілдер» тақырыбында шебер сыныптар өткізіп, өз іс-тәжірибелерін ортаға салды. Жас мамандардың білім-біліктіліктерімен жақынырақ танысып, психологиялық тренинг, сауалнама алынып, өз білімдерін ортаға салумен қатар, еңбек жолындағы кездесетін қиын да, қызықты ұстаздар әлеміне дайын екендіктерін көрсете білді. Семинар соңында тәлімгер ұстаздар өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісіп, кеңестер берді.

2021 жылдың 24 қараша күні қалалық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының аға әдіскері Ж.Рахимбаева «Сараптамалық кеңес ережесі және авторлық бағдарламаны рәсімдеу» тақырыбында №8 орта мектеп аясында семинар өткізді. Семинарға авторлық бағдарламаны дайындап жүрген барлық мекемелерден 35 педагог қатысты. Жалпы Сараптамалық кеңестің жұмыс тәртібімен, материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес болу шарттарымен таныстырды.

## Оқушылармен өткізілген іс-шаралар

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» дегендей Қазақстанның жарқын болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың қолында екені бәрімізге аян. Жыл сайын пән мұғалімдері өздерінің оқушыларының білімі мен шығармашылық, дарындылық қабілеттерін арттыру мақсатында олимпиадаларға, пән бойынша байқауларға, спорттық жарыстарға т.б жарыстарға қатыстырып, оқушылардың білімдерін шыңдап отырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында қаланың №4 және №6 орта мектеп қабырғасында биылғы жылы 5 – сыныпқа келген оқушылардың мәтінді оқу және түсіну сапасын анықтау үшін электронды форматта PIRLS-2021 халықаралық зерттеу жұмысы өткізілді. PIRLS түрлі елдердегі бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну деңгейі мен сапасын салыстыруға, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйелеріндегі айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берудің бірден бір жолы. Зерттеуге барлығы 81 оқушы қатысты. Бұл зерттеуде Оқушылар екі түрлі мәтінмен жұмыс жасады: әдеби мәтін және ақпараттық (ғылыми) мәтін. Жұмысты орындауға 80 минут, әр мәтінге 40 минуттан берілді. Сонымен қатар, мектеп директорлары және сынып жетекшілері, ата-аналар онлайн сауалнама толтырды.

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу.

8-15 қараша аралығында өткізілген облыстық «Тұлпар мініп, ту алған» Едіге батыр жырын жаттқа айту байқауына №5 ОМ КММ-нің оқушылары облыстық байқаудан «Алғыс хатпен» оралды, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ералиева Ж.

5-6 сынып оқушылары арасында өткен облыстық «Сен туған өлкең Қазақстанды білесің бе?» атты байқауда №5 ОМ КММ-нің командасы III орынды жеңіп алды.

Облыстық «Тұлпар мініп, ту алған» Едіге батыр жырын жаттқа айту байқауына №5 ОМ КММ-нің оқушылары облыстық байқаудан «Алғыс хатпен» оралды, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ералиева Ж.

5-6 сынып оқушылары арасында өткен облыстық «Сен туған өлкең Қазақстанды білесің бе?» атты байқауда №5 ОМ КММ-нің командасы III орынды жеңіп алды.

2-11-сыныптарында «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл» тақырыбында диктант жазу ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай білім алушылардың мемлекеттік тілде жазу мәдениетін дамыту, сауаттылығын қалыптастыру, мәтін мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіре отырып, патриоттық тәрбие беру. Диктант жазуға мектеп әкімшілігі қатысты және оның ұйымдастырылуы қадағаланды. Диктантты 2-11 сыныптардан жазған оқушылар саны – 3301.

Қалалық «Жыр жауһар» атты жас жыршылар байқауы білім бөлімі тарапынан ұйымдастырылып, өткізілді. Байқаудан №1, №4, №5 ОМ оқушылары жеңімпаз атанды.

Биылғы жылы қазақтың ұлы ағартушысы Ы. Алтынсариннің - 180 жылдық мерей тойына арнап қала мектептерінде оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар арасында семинарлар, видеороликтер, шығармашылық жұмыстар, концерттік бағдарламалар дайындалды.

«Жетісу дарыны» орталығымен бірлесе отырып 2021 жылдың 30-қыркүйек күні жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша қалалық Президенттік олимпиада өтті. Олимпиадаға қаладан -24 оқушы қатысып, олимпиада нәтижесі бойынша Мұратбекқызы

Жансая жүлделі І орынды, Корневская София және Байжанова Слушаш ІІ орынды, Хуанған Ақмарал, Ғалымбек Ақжол, Левин Александр, Жаакпекова Айгерим, Алға Мақпал ІІІ орынды иеленді.

4-қараша күні Талдықорған қаласында журналистика саласының майталманы Б.Құранбек атындағы олимпиада аясында оқушылар мен педагогтар командалары арасында "Mi battle" интеллектуалды ойыны өтті. Аталған облыстық шарада 18 ауданнан келген жастар бақ сынасты. Қаладан №5 орта мектептің 11-сынып оқушыларынан құралған командасы жүлделі ІІ орынға ие болып, облыстық "Жетісу дарыны" оқу-әдістемелік орталығының Құрмет грамотасымен марапатталды. Жүлделі орынға ие болған оқушыларымызға 9-желтоқсан күні олимпиаданың жабылу салтанатында ақшалай сыйлықтар табыс етілетін болады. Педагогтар командасы Алғыс хатпен марапатталды.

Қалалық 9-10 сынып оқушыларына арналған «Менің шағын Отаным» атты ІV республикалық жас тарихшылардың зияткерлік конкурсынан облыстық кезеңге 9 сыныптан 2 оқушы, 10 сыныптан 2 оқушы өтті. Облыстық кезеңнің нәтижесінде №4 ОМ 9-сынып оқушысы Шегай Виктория жүлделі орын алып, 3-5 қараша аралығында Алматы қаласы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында өткен 9-10 оқушыларына арналған «Менің шағын Отаным» атты ІV республикалық жас тарихшылардың зияткерлік конкурсына қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

«Жетісу дарыны» орталығымен бірлесе отырып 5-6 сыныптарға арналған «Алтын сақа» олимпиадасына қаладан 38 оқушы қатысып, 5 сыныптан 2 оқушы, 6-сыныптан 5 оқушы облыстық кезеңге жіберілді.

«Жетісу дарыны» орталығымен бірлесе отырып 20 қараша күні облыстық 5-6 сынып оқушылары арасындағы математикалық «Алтын сақа» олимпиадасы өтті, барлығы 6 сыныптан 5 оқушы, 5 сыныптан 2 оқушы қатысты, олар: №4 ОМ 3 оқушы 6-сыныптан, №6 ОМ 2 оқушы 5-сыныптан, 1 оқушы 6-сыныптан, №7 ОМ 1 оқушы 6-сыныптан.

Қазан айында 5-6 сыныптарға арналған республикалық олимпиаданың бірінші (мектепшілік) кезеңі өтті. Мектепшілік кезеңнің нәтижесі бойынша жеңімпаздар қараша айының екінші декадасында олимпиаданың екінші (қалалық) кезеңі өтті. Ал үшінші декадасында үшінші (облыстық) кезеңі өтті.


2021 жылдың 6-7 қазанында №3 орта мектеп базасында жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсының қалалық «Дарын» ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді. Жобалар конкурсында 86 жұмыс қаралып, облысқа жүлделі 16 жұмыс жіберілді. Облыстық кезеңге 16 жұмыстың 14 жұмысы өтіп, 14 жұмыстың ішінен іріктеліп алынған 6 ғылыми жоба үздік деп танылды. Облыстық жалпы білім беретін пәндер бойынша «ДАРЫН» ғылыми жоба байқауының қорытындысы бойынша №8 ОМ 8-сынып оқушысы Политиди Элина әдебиет секциясы бойынша «Бальмонт ертегілерінің бейнелі құрылымы» тақырыбында қорғап, жүлделі І орын (жет. Нестерова Римма Ивановна), қолданбалы математика бағытында №8 ОМ 11-сынып оқушысы Корневская София «Визуалды геометрия» тақырыбында қорғап ІІ орын (жет. Дивеева Наталья Владимировна), қоршаған ортаны қорғау бағытында №4 ОМ 10-сынып оқушысы Ильяс Әселай «Қазақстанның "Қызыл кітабына" еңген Жетісулық бақатістердің жоғалып кету қаупіне экологиялық және әлеуметтік фактордардың әсер етуі» тақырыбында қорғап, ІІ орын, (жет. Тустикбаева Галия Абилхановна), №6 ОМ сынып 11-оқушысы Стерпул Юлия Сергеевна тіл тану секциясында «Тағдыр» ұғымы орыс және қазақ халқының әлемі мен оның бейнелеу ерекшеліктерінің концептуалды картинасының фрагменті ретінде А.И. Куприн «Тағдыр» және Оралхан Бокеев «Айқай» тақырыбында қорғап, ІІ орын, (жет. Дегтярева Наталья Юрьевна), ал №3 ОМ 10-сынып оқушысы Ли Виктор информатика секциясында «Arduino» тақырыбында қорғап, ІІІ орын, (жет. Алишев Асхат Талгатович) және №4 ОМ 9-сынып оқушысы Утеуова Альбина тілтану секциясы бойынша ағылшын тілінен «Violation of grammatikal norms in the texts of modern English songs» тақырыбында жұмысын қорғап, ІІІ орынды иеленді (жет. Мукаева Карлығаш Курмангажиевна). 2021 жылдың 14-15 желтоқсан аралығында өткен облыстық екінші (іріктеу) кезеңінде осы аты аталған 6 оқушы тестілеуге қатысты.

2021 жылдың 7-8 желтоқсан күндері «Жетісу дарыны» орталығы балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және кіші және орта жастағы оқушылардың зияткерлік-шығармашылық әлеуетін ынталандыру мақсатында «Зерде» республикалық 2-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстар конкурсының қалалық кезеңі ұйымдастырылып өтті. Қалалық кезеңде 2-7 сынып оқушылары арасында 178 зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары 9 секция бойынша қаралды. Кезең қорытындысы бойынша үздік деп табылған 16 жобалар мен шығармашылық жұмыстарға облыстық кезеңге өтінім жіберілді.

Облыстық «Зерде» зерттеушілік жұмыстары мен шығармашылық жобаларының (сырттай) кезеңінде 16 жұмыс қаралып, нәтижесінде 8 жұмыс үздік деп танылды. Олар: Жусипова Айдана №4 ОМ, 4-сынып оқушысы қазақ әдебиеті секциясы бойынша "Қазақ ертегілерінің манызы» тақырыбында, (жет. Рахимбердина Айман Баяхметовна), Свистунов Михаил №4 ОМ, 3 сынып оқушысы, орыс тілі секциясында «Нужна ли нам буква Ё?» тақырыбында (жет. Бахтиярова Оксана Павловна), Авилхан Ілияс №5 ОМ, 2-сынып оқушысы математика секциясында «1000 көлеміндегі сандарды көбейтуде әртүрлі әдістерді қолдану» тақырыбында (жет. Махабат Лариса), Такжанов Дамир №8 ОМ, 4-сынып оқушысы, техника секциясында «Зависимость летных качеств бумажного самолета от конструкции» тақырыбында (жет. Қостина Ольга Владимировна), Бирюкова Валерия №6 ОМ, 7-сынып оқушысы өлкетану секциясында "Свойства и применение Текелийской глины» тақырыбында (жет. Фаткулина Рената Маликовна), Кулешов Илья №3 ОМ, 2-сынып оқушысы, химия секциясында «Невидимые чернила» тақырыбында (жет. Корнилова Татьяна Семеновна), Асылбек Руфина №3 ОМ, 7-сынып оқушысы химия секциясында "Получение мыла своими руками» тақырыбында (жет. Кузнецова Валентина Егоровна), Баранова Ксения №2 ОМ, 7-сынып оқушысы экология секциясында «Жизнь муравьёв в биоценозе» тақырыбында (жет. Мазурина Светлана Александровна).

*Республикалық, облыстық байқаулардың салыстырмалы қорытындысы:*

Байқаудың атауы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
Облыстық «Зерде» ғылыми жоба байқауының қорытындысы	14	25	14	8
Республикалық «Зерде» ғылыми байқауы	3	4	2	
Облыстық жалпы білім беретін пәндер бойынша «Дарын» ғылыми жоба байқауы	15	13	11	6
Республикалық «Дарын» ғылыми байқауы	1	1		
Облыстық жалпы білім беретін пәндік олимпиада қорытындысы	13	14		Қаңтар айының 3 декадасы
Республикалық пәндік олимпиада	2	2		



*Интеллектуалдық сайыстар:* Ағылшын тілінен 3-11 сыныптарға арналған «British Bulldog» байқауы, Үркер» халықаралық зияткерлік орталығы «Перспектива» Білім беру орталығымен бірлесіп, балалардың зияткерлік-шығармашылық қабілетін айқындау мақсатында өткізілетін 2-4 сынып оқушыларына арналған «ПОНИ Пифагорда қонақта» атты байқауы, «Ақбота», «Человек и природа», Халықаралық «Русский медвежонок-языкознание для всех» сайысы және 2-4 сыныптарға арналған «ПОНИ открывает мир», 5-7 сыныптарға арналған «ПОНИ в мире знаков» байқаулары онлайн түрде, қатысамын деп ұсыныс білдірген балалар өз беттерімен берілген платформада тіркеліп, тапсырды.

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін «ПОНИ - Палитра» сайысына және 1 сынып оқушыларына арналған «ПОНИ - бірінші сынып оқушыларының қысқы сайысы» байқауына сұраныстар жинақталып, сұраныс тізімі жіберіліп, өткізілуде.

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін «ПОНИ - Білімпаз» (5-6 жас) және «ПОНИ - Негетай» (4-5 жас) атты байқауға қатысуға ықылас танытқандардың сұраныстары жинақталып, байқау өткізілді.

ПОНИ Палитра халықаралық сайысқа жалпы 93 бала қатысып, жеңімпаздар дәрежелі дипломдармен, сонымен қатар пән мұғалімдері алғыс хатпен марапатталды. Биылғы оқу жылында ПОНИ Халықаралық интеллектуалдық балалар байқауына ұсыныс танытқан 203 бала қатысты. Ал, көптеген Халықаралық, Ұлттық, республикалық ойындар мен сайыстар онлайн түрде өткізілді.

Мектептерде волейбол, футбол, баскетбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шаңғы спорты, шахмат т.с.- 94 спорттық секциялар жұмыс істейді, ондағы балалар саны –1950, бұл – 41 пайызды құрайды.

Спорттық секциялар саны	Ауылды жерде	Қалалық жерде	қатысатын оқушылар саны	Ақысыз секцияға қатысатын оқушылар саны	Қыздар саны	Ұлдар саны
94	8	86	1950	1950	919	1031

## ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқыту

Қала бойынша- 486 мұғалім. Оның ішінде:– ЖМЦ пәндерінен сертификатталған – 12.

Биология пәнінен – 5; Химия пәнінен-2; Физика пәнінен – 3; ИВТ пәнінен – 2 мұғалім. Бұл жалпы 3 % құрайды:

Атап айтқанда №1 ОМ – 1; №2 ОМ – 1; №3 ОМ – 2; №4 ОМ – 2; №5 ОМ – 3; №6 ОМ – 1; №8 ОМ – 2.

Санаттары: Жоғары санатты-1; педагог-зерттеуші-2; I – санатты-2; педагог-сарапшы-3; педагог-модератор. Биылғы 2021-52022 оқу жылында №1 ОМ биология пәнінің мұғалімдері – Садук К. декреттік демалысқа, №6 ОМ мұғалімі Байузакова А. пед. кеңестің шешімімен сағат берілмеді. Барлық ЖМЦ пәндерінің мұғалімдеріне ағылшын пәні мұғалімдері арасынан тәлімгерлер бекітілген.

ЖМЦ пән мұғалімдерімен өткізілген семинарлар: 2020--2021 жыл аралығында қала бойынша семинар-практикумдар, онлайн семинарлар, тәжірибе алмасу алаңы, дөңгелек үстелдер, вебинарлар өткізілді. Олар: «Биология, химия пәндерінде кездесетін термин сөздер», «Білім сапасын дамыту барысында биология сабағында түрлі әдіс тәсілдер түрлерін тиімді пайдалану», «Жаратылыстану сабақтарында ойлау қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар» туралы түрлі іс-тәжірибе алмасу алаңы, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Биылғы 2021-2022 оқу жылының ассоциация мүшесіне барлық ағылшын тілінде ЖМЦ пәндерінен сабақ беретін мұғалімдер құрамы кірді, жылдық жоспар құрылды. Облыстық ассоциация мүшесіне №4 ОМ биология пәнінің мұғалімі Каримсакова А. №8 ОМ мұғалімі Артамонова Е. В. қалалық ассоциация мүшесіне тағайындалды. №2 ОМ – 1; №3 ОМ – 2; №4 ОМ – 1; №5 ОМ – 3; №8 ОМ – 2.

2021-2022 оқу жылында жаратылыстану- математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде жүргізетін мектептер:

№	Мектеп	Сынып	Химия	Биология	Физика	ИВТ
1	№2 ОМ	8		Шарипжанова З.		
2	№3 ОМ	7,8,			Вандакурова К.А.	Алишев А.Т.
3	№4 ОМ	11		Каримсакова А.		
4	№5 ОМ	8	Баясилова Ұ.А.		Хызайхан М.	Жапбаркулов Н.М.
5	№8 ОМ	7-8	Артамонова Е.В.	Долбаева С.		
Барлығы	5	7-11	2	3	2	2

Үш тілде оқыту бағдарламасы бойынша тілдік деңгейді меңгеру мониторингісі

Жалпы педагог саны	Барлығы	Барлығы				Қамту, %
		Мұғалім саны				
		химия	физика	биология	информатика	
		Курс өткені	Курс өткені	Курс өткені	Курс өткені	
486	9	2	2	3	2	2%

ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқыту бойынша педагогтар тізімі

№	Аты-жөні	Оқытқан мекеменің атауы	Пәні	Мектеп
1	Каримсакова А.Н.	АҚ "Назарбаев Университеті"	Биология	№4 ОМ МДШО КММ
2	Байузакова А.М.	АҚ "Назарбаев Университеті"	Биология	№6 ОМ МДШО КММ
3	Шарипжанова З.А.	АҚ "Назарбаев Университеті"	Биология	№2 ОМ МДШО КММ
4	Долбаева С.К.	АҚ "Назарбаев Университеті"	Биология	№8 ОМ МДШО КММ
5	Хызайхан М.	АҚ "Назарбаев Университеті"	Физика	№5 ОМ
6	Баясилова Ұ.А.	ЖШС "Caspian Training Group"	Химия	№5 ОМ
7	Вандакурова К.А.	ЖШС "Caspian Training Group"	Физика	№3 ОМ МДШО КММ
8	Жапбаркулов Н.М.	ЖШС "Caspian Training Group"	Информатика	№5 ОМ
9	Әділ Зухра	ЖШС "Caspian Training Group"	Физика	№4 ОМ МДШО КММ
10	Артамонова Е.В.	АҚ "Назарбаев Университеті"	Химия	№8 ОМ МДШО КММ
11	Алишев А.Т.	АҚ "Назарбаев Университеті"	Информатика	№8 ОМ МДШО КММ
12	Садук Кулаш	АҚ "Назарбаев Университеті"	Биология	№1 ОМ МДШО КММ

**Инклюзивті білім беру**

Текелі қаласы бойынша мүмкіндіктері шектеулі және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар саны-126. Жалпы білім беру мекемелерінде -61 оқушы, мектепке дейінгі орталықтарда -25 бала бар. Үйден оқитын оқушы саны – 40, оның ішінде 19 жалпы білім беру және 21 – көмекші білім беру бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған.

Оқу жылының басында өткізілген дефектологиялық зерттеулер барысында алынған мәліметтерді талдау нәтижесінде, және логопедиялық пункте сынып жетекшілермен сұраныс жүргізіп, сабаққа қатысу кезінде қосымша білімді қажет ететін 61 баланың тізімі құрылды.

Инклюзивті оқыту-ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін ұйымдастыру мақсатында №1, №2, №3, №4, №6, №8 орта мектептерде мамандандырылған дефектолог, логопед мамандар жұмыс атқаруда. №8 орта мектепте арнайы сыныпта – 4 бала қосымша білім беру бағдарламасы бойынша, арнайы түзету сыныбында білім алуда. Тәрбиелеу және оқыту үрдісінде мектепке дейінгі балалар мен жасөспірімдердің даму динамикасын зерделеуде, арнайы түзету коррекциялық №2 кабинетінің педагогтары көмек көрсетіп келеді.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар саны бойынша статистикалық деректер жүргізілуде.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға білім беруді іске асыратын, оның ішінде танылған халықаралық практикаларды енгізуді ескере отырып, жалпы білім беру ұйымдарының базасында инклюзивті білім беру ресурстық орталықтар жүйесі кеңейтіліп, бүгінгі күні жаңартылған бағдарлама бойынша жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту мен

тәрбиелеу үшін, ақпараттық ресурстарды қолжетімді нысанда тегін пайдалану, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамту ұйымдастырылып, жағдай жасалған.

Инклюзивті білімді қажет ететін әрбір оқушыға жеке бағдарлама құрылып, арнайы мамандандырылған дефектолог және логопед мамандары бекітілген жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Әр оқушының даму динамикасы бақылауға алынып, үнемі дамуына мониторинг жасалынады.

Сонымен қатар, мектепалды даярлық тобы және 1-4-сынып оқушыларымен фонетика – фонематикалық және т.б. логопедиялық жұмыстар атқарылуда. Әрбір оқушыға логопедиялық карта арналып, бекітілген жоспармен дамыту жұмыстары жүргізілуде.

2021 жылдың 15 қыркүйегінде «Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу», "Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы", «Балалар мен жасөспірімдердің арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарында қала мектептерінің психологтары, ата-аналар мен оқушыларға арналған онлайн кездесу өткізді.

Әртүрлі дәрежеде көрінетін балалар ойлау үдерістерін дамытуда, танымдық белсенділіктің төмендеуіне, қызметтің мотивациялық-мақсатты негізін қалыптастырудың жеткіліксіздігінде, өзін-өзі бақылауда, зияткерлік нәтижелердің нашарлағаны, есте сақтау қабілеті, концентрациясы сияқты құлдырауы анықталды. Кейбір балаларда сенсорлық саланы дамытуда, кеңістіктік бағдарлаудың бұзылуында, математикалық көріністердің қалыптасуында кемшіліктер бар. Қол моторикасының бұзылуы.

Оқу жылы ішінде оқушылардың жеке, топтық және топтық сыныптар түрінде оқыту және танымдық белсенділігін дамытудағы кемшіліктер түзетілді. Жеке сабақтар оқушының қабілеттілігіне байланысты аптасына 1 немесе 2 рет 40 минут бойы өткізілді.

Балалар бағдарлама материалдарын өздерінің жеке қабілеттеріне және білім беру деңгейіне қарай құрастырылды, соның арқасында білім беру мазмұнын мұқият іріктеу жүргізілді.

Оқу жылында оқушыларға білім беру және танымдық белсенділігін дамытудағы жетіспеушіліктерді жою үшін түзету-жетілдіру жұмыстары жүргізіліп, «Инклюзивті білім беру- оқытып- үйретудің бір формасы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім беруге бейімделуі» тақырыптарында ZOOM арқылы онлайн-вебинар өтті.

